

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 189 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 22 мамырда N 2-16-84 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 мамырдағы N 234 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2010.05.05 N 234 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3- тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығы негізінде Панфилов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы он сегіз жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сай құрамда қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3-қосымшаларға сай бекітілсін.

4. Қала мен ауылдық округтердің әкімдері 2009 жылдың сәуір- маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар

етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Панфилов ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін атқарушы (Е. Мошанов, келісім бойынша) әскерге шақырылғандарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шығарып салу кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру, Панфилов аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне оларға қатысты анықтау немесе алдын алу тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырушылар мен әскери міндеттілер туралы х а б а р л а у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы қаулының жүзеге асуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Раевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>Е. Келемсейіт</i>		
Аудан	әкімдігінің	2009	жылдың
13	сәуіріндегі	N	189
Республикасының		азаматтарын	"Қазақстан
жылдың	сәуір	–	маусымында
қазан	–	желтоқсанында	және
мерзімді	әскери	қызметке	және
жүргізуді		ұйымдастырып,	және
ету		туралы "	қамтамасыз
1-қосымша			қаулысына

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Мақсат Жақияұлы Мұқанов: Панфилов ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы;

Қамза Бекназарұлы Насырбеков: Аудан әкімі аппараты жалпы бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Ғалымжан Сағатжанұлы Лекеров: Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары ;

Әлпейісов Түрспек Тохтасынұлы: дәрігер, хирург, медициналық

П а н ф и л о в а у д а н ы
Қ о р ғ а н ы с і с т е р і ж ө н і н д е г і
б ө л і м б а с т ы ғ ы п о д п о л к о в н и к М. Мұқанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК